


Түлкі, ақ түлкі терісінен әйелдер бас киімін жасау.

Пәні: Иленген теріні тігетін
өндірістің технологиясы


Үлбірден бұйым тігу өте оңай әрі қызықты, ендеше тігуге пішімдемені жасауды қарастырайық. Пішімдемені құру үшін бас айналымының өлшемі мен бас киімнің биіктігі қажет. Егер бас пішімдемесінің 4 бөліктен болғанын қаласаңыз B_a –н 8-ге бөлеміз, 6 бөлік болса 12-ге. Мысалы, B_a -56 өлшемді болса, $56/8=7$ см. Бас киім биіктігін жуықтап аламыз, мысалы, 15 см және төбесі 4 см.



Пайда болған пішіндеме ойдағыдай болуы үшін қағазды 7 см етіп бүктеп, сол пішіндеме бойынша қиып шығамыз.



Шеттерінен бекітуге арналған орын қалдырамыз да сол орындармен бекітіп , киіп көреміз. Дұрыс болған жағдайда осы пішіммен үлбірді пішеміз.



Үлбірден жасалған бас киімдер қай заманда болса да сәнді болып есептеледі. Сондықтан оның жасалуын толығымен қарастырып өтейік. Алдымен қолдарын алып тастап, барлық саңылауларды тігіп тастау керек.



Ол үшін алдымен кесетін сызықтарды бойлай қаламмен түзу сызық жүргіземіз. Сол түзу бойымен теріні үстел үстіне баспай, ауада көтеріс тұрып құрылыс пышағымен немесе лезвиямен кесеміз.



Кесілген саңылауларды жібек немесе капрон жіптердің көмегімен тігу керек. Шеттерін біріктіріп, үлбірді иненің көмегімен ішіне кіргізіп көктеп айналдыра екі рет тігіп шығу керек.



Теріні қарапайым пульверизатор көмегімен ылғалдандырып, тегіс беттің үстіне бүгілген жерлерін тегістей отырып барынша кереміз. Шеттерін қыстырғыштармен немесе шегелердің көмегімен кереміз. Толық кепкенге дейін сол қалпында тұрады.



Теріні тегіс беттің үстінен алмай, алдын –ала дайындап қойған лекалоны тері қабатының үстіне қойып қарапайым қаламмен шетін жүргізіп шығамыз. Оң және сол жақ шеттерінен тігіске деген 4 мм бос орынды қалдырамыз.



Төменгі бүгілу сызығына орын қалдырып, оны да белгілеуді ұмытпаймыз.



Құрылыс пышағының көмегімен пішілген бұйым бөлшектерін кесіп аламыз. Кесуді ортаңғы бөліктен бастап шетке қарай жүргізген дұрыс, солай жасаған жағдайда үлбір матасы біртегіс түзу болып кесіледі. Сонымен қатар салмақ пен күш салып кесуге болмайтынын ұмытпағанымыз жөн, ұмытқан жағдайда үлбір талшықтары да кесіліп сүйкімсіздік тудырып тұрады, және біріккен жерін айқын көрсетеді.



Пішілген тері




Ендігі кезекте тігіс орындарын біріктіреміз, тігуді орындаудың ыңғайлылығы үшін түйреуішпен қадап, инемен тігіп шығамыз.





Тігу кезінде шетіндегі белгілерді пайдаланған жағдайда бас киіміміз түзу болады. Бас киім дайын.

Дайын болған бас киімнің шетіне айналдыра
маталы лентаны тігіп шығамыз.



AlyonaMaslova.ru
Мастерская рукоделия Алёны Масловой

Төменгі бөліктің белгіленген нүктесі бойынша 4 мм бос орынды маталы лентамен қоса қайырып тігеміз.



AlyonaMaslova.ru

Мастерская рукоделия Алёны Масловой

Бас киімнің жоғарғы бөлігі дайын, енді астарына көшеміз.



AlionaMaslova.ru
Мастерская рукоделия Алёны Масловой

Астарды жасауда бастапқыда қолданған пішімдемені пайдалану керек, тек тігістің бос болуына 1 см және тігістің дұрыс жатуына 1 см қосады. Қыстық бас киімнің астарын ватиннан жасаған дұрыс, ол бас киімнің биік орналасуына ықпал жасайды, ватин астар матадан сырғып бөлініп кетпеуі үшін оны бірнеше жерден тігіс арқылы бекіту керек, және ортаңғы сызығын бойлай тігіп шығу керек.



Ватинің жоғарғы жиегінен бүкпе жасап, қатты жіптермен айналдыра тігіп шығу керек.



Қап тәріздес етіп жоғары қарай созамыз.



Үлбір бас киімнің ішіне астарды қойып, жиектерін біріктіре отырып тігеміз, астардың бүктелі сызығын үлбір мен лента сызығына жасырын тігістермен біріктіреміз.



Астардың төбесін тартып, матасын жинап, киіп өлшеп көру керек, тар болған жағдайда кеңейтеміз. Астар бас киімнің өзінен кең болуы тиіс. Өлшемдері дұрыс болған жағдайда бас киімді дұрыс жағына қарай аударып, астарды ыңғайластырамыз.





Төбесінің
диаметрі
бойынша
домалақ
жапсырма
жасаймыз.



Жапсырманы тігеміз

Бұйымымыз дайын !!!



Пайдаланган әдебиеттер тізімі:

1. Росленко И. Скорняжное дело Ростов н/Д: Феникс, 2000
2. Бужинский Ч., Дуда И. Скорняжное производство М.: Легпромиздат, 1985
3. Лошкарева О. Технология сборки изделий из кожи: Учебник/О. Лошкарева. - Астана: Фолиант, 2010. - 640с.
4. Марсакова З.П. Технология меховых скроев М.: Легпромиздат, 1987

Пайдаланган сілтемелер:

1. <http://alyonamaslova.ru/shlyapkishapki/kak-sshit-shapku-iz-meha-lisyi/>
2. <http://alyonamaslova.ru/shlyapkishapki/vyikroyka-zhenskoy-klassicheskoy-mehovoy-shapki/>